

Қазақстанда қолайсыз және зиянды атмосфералық құбылыстардың ерекшелігі

ЖАРИЯЛАНДЫ
01.06.2023

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/139751/>

Манап Айшабибі Даулетбекқызы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Жетекші: Исax Жұлдыз Ержігітқызы

Қазақстан көп жылдық ауа райының жиынтығы ,яғни климаты жалпы құрғақтығымен ерекшеленеді. Климаттың ауыл шаруашылығына адам баласына тигізетін әсері ерекше . Қазақстан Республикасының орталық және солтүстік аудандарындағы климат жағдайлары егін шаруашылығымен айналысуға мүмкіндік береді, ал оңтүстік аудандарда суармалы егіншілік дамыған. Алайда климат жағдайлары адамның шаруашылық әрекетіне барлық уақытта қолайлы жағдай жасай бермейді.

Атмосфераға тоқталатын болсақ бізді жер шарын барлық жағынан қоршап тұрған газ қабаты. Атмосфера бес қабаттан тұратыны белгілі. Атмосферада ылғалдың айналуына байланысты, яғни буланушылық әсерлеренен де атмосфералық құбылыс пайда болады. Атмосфера құбылыстарға судың физикалық қасиеттеріне байланысты судың бір күйден екінші күйге өзгеріп отыруын жатқызамыз. Яғни , судың бу күйінен сұйық күйге өту процесін конденсация, ал қатты күйге өтуі

сублимация процестеріне жатқызамыз.

Атмосфералық құбылыстар адамдарға және де табиғатқа, халық шаруашылығына тигізетін әрекетіне байланысты екіге бөлінеді: қолайлы және қолайсыз. Біз қолайлы атмосфералық құбылысқа бұлт, жаңбыр, қар, , жел және т.б. жатқызамыз.

Ал қолайсыз, тіпті зиянды атмосфералық құбылыстарға құрғақшылық, аңызак, үсік, көктайғақ, бұршақ, тұман, шаңды дауылдарды жатқызамыз . Біздің мемлекетіміздің климаты құрғақ екені белгілі. Әсіресе оңтүстік маусым айлары өте ыстық болып келеді. Қызылорда қаласында құмның беті 60°-70°С-қа дейін қызады. Еліміздің солтүстігінде бұл жағдай да жиі қайталанатын. Құрғақ ауа күннің қызуымен және тропиктік ауа массасының көп мөлшерде болуымен байланысты. Құрғақ ауаға ылғалы аз, ыстық құрғақ жел — аңызак желін жатқыза аламыз. Аңызак желінің соғу күндерінің ұзақтығы табиғат зоналарында әркелкі болады: дала зонасында жылына 5-10 күн, шөлейт зонасында 40, Қызылқұмда 100 күн бойына аңызак желі соғып тұрады. Республикамызда соңғы 20 жылда статистика бойынша қуаңшылық 4 рет тіркелген.

Еліміздің жылдың жылы мезгілінде ерекше байқалатын атмосфералық құбылыстың бірі — шаңды дауыл. Олар желдің жылдамдығы мен топырақ жамылғысының сипатына байланысты. Шаңды дауыл ауаның ылғалдылығы аз құрғақ кезде, соғатын қатты , жылдам жел . Олар топырақтың беткі қабатын яғни ұлпаларын ұшырып , өсімдік тамырларына зиян келтіріп ашып тастайды. Шаңды дауылдардың ауыл шаруашылығына тигізетін зияны өте жоғары. Еліміздің дала зонасында орташа есеппен шаңды дауыл жылына 20-38 күн соғады. Еліміздің оңтүстігіндегі құмды шөлдерде және Балқаш

көлінің оңтүстігінде шаңды дауыл 55-60 күн болады . Республикамыздың оңтүстік-шығыс, шығыс тауларында шаңды дауыл байқала бермейді.

Атмосфералық құбылыстың біріне үсікте жатады. Үсік көктем мезгілінің соңғы айларында , күздің бастапқы айларында , кейде теріскей жақта жазды күндері арктикалық ауа массасының келуіне байланысты балатын қолайсыз құбылыс. Елімізде үсік көбінесе солтүстік және орталық аудандарда байқалады. Көктем мезгілінде болатын үсікке шалдығу ықтималдығы статистика бойынша қарақұм, жүгері, бидай, қияр, алжұмыр, және басқалар үшін 10 жылдың ішінде 5 жыл, шөл зонасында мақта, жүзім, гүлдер және басқа да жеміс тұқымдары үшін 10 жылда 4 жыл үсікке шалдығу қаупі бар.

Атмосфераның тағы бір қолайсыз құбылысы - бұршақ. Республикамыздың басым бөліктерінде бұршақ көктем айларының сәуір мен қазан, оңтүстікте наурыз бен қазан аралығында жауады. Шөл мен шөлейт зоналарында бұршақтың жауу өте сирек болады : 25-30 жылда 1 рет байқалады.

Келесі тұмандар. Тұмандардың түзілуі ауаның жер бетіне таяу қабатында бірікпеген ұсақ су тамшыларының шоғырлануымен тығыз байланысты. Ол суық ауа қабатына жылы ауа енген жағдайда пайда болады. Тұманды күндердің ұзақтығы еліміздің Мұғалжар тауларында жылына 70 күнге дейін, Іле Алатауында жылына 75-100 күнге дейін жетеді. Жоғары тұмандылық Қарағандыда, Өскеменде, Алматы сияқты өнеркәсіпті аудандарда жиі байқалады.

Республикамыздың халық ауыл шаруашылығына қолайсыз атмосфералық құбылыстардың бірі көктайғақ. Көбінесе көктайғақ аязды ауа райынан кейін аз жауын жауғанда қалыптасады. Әдетте

көктем және күз мезгілінде ауа райы салқындап, жер беті 0°C-қа дейін суынып, мөлдір және көгілдір жұп-жұқа 5 мм мұзбен жабылады. Көктайғақтың мал шаруашылығына, адам өміріне зияны айтарлықтай үлкен, автомобиль және көлік-арба транспорттарында апаттар, байланыс және энергия желілерінде үзілістеріне қауіп туғызады. Көктайғақ еліміздің оңтүстік және орталық аудандарында көп байқалады, ал солтүстік аудандарда сирек байқалатын қауіпті құбылысқа жатады.

Қолайлы атмосфералық құбылысқа мысал келтірсек, қар-атмосферадан түсетін әртүрлі пішінді ұлпа, мұз кристалдары түріндегі жауын-шашынның бөліктері. Су буының қатты күйге өту нәтижесінде кристалдар үлкейіп, қар жұлдызшаларына айналады. Ауа температурасы 0°C-тан төмендегенде бұлттардан ылғал жауады яғни жауын шашым жауады. Еліміздің қоңыржай ендіктерінен бастап солтүстіктің және оңтүстіктің жоғары ендіктеріне қарай қардың көп түсуіне байланысты жердің қар жамылғысы пайда болады. Республика аймағында қар қазан-қараша айларынан бастап түседі. Қар жамылғысының қалыңдығы солтүстік облыстарда 25-30 см, оңтүстігіндегі жазық жерлерінде 10см-дей болады.

Аталып өтілген қолайсыз атмосфера мысал келтірсек . 2023 жылы қаңтар айының соңына қарай Қостанай қаласында ауа- райы күрт өзгеріп көктайғақ түсіп , көлік апаты көбейген . 29 жол көлік оқиғасы тіркеліп , 6 адам түрлі деңгенде жарақат алған . Тек бір ғана тәуліктің өзінде 10 күндік қар мөлшері түскен . Тағы бір мысал келтірсек 2022 жылы Солтүстік өңірде үлкендігі жұмыртқадай бұршақ 5 минут бойы жауған . Соңы үлкен дауылға ұласқан . Бұл апат халыққа айтарлықтай зиянын келтірген.

Қорытындылай келгенде, атмосфералық қолайсыз құбылыстардан халық шаруашылығына зиян мен зардап баршылық. Мұндай құбылыстар мал шаруашылығына, адам баласына келтірер зияны үлкен және де байланыс энергия желілерінде үзілістер туғызады. Оларды алдын алу шараларына келсек, құрғақшылықпен және аңызак желмен күресу үшін қарды тазалау, ағашты жиі отырғызу, суландыру жұмыстарын стандарттарға сәйкес жүргізу секілді агротехникалық шаралар іске асырылуы тиіс. Қазақстанның оңтүстік бөлігі мен оңтүстік-батысында құрғақшылықпен және аңызакпен күрес жүргізу өте қиын болып табылады, себебі түсетін жаңбыр мөлшері булануға қарағанда әлдеқайда аз, сондықтан мұнда агротехникалық іс-шара – тек суландыруды ғана жүргізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

<http://kopilkaurokov.ru/geografiya/planirovanie/uroknatie...inietighizietinsieri?>

<http://for-teacher.ru/edu/geografiya/doc-zht43y0.html?>

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.